

Данные выводы подтверждают нашу основную гипотезу о наличии влияния гендерной идентичности на выбор жизненных ценностей молодых людей. Так же мы выявили, что чем сильнее в молодом человеке самодисциплина, послушание, стремление подавлять социально нежелательные действия, тем менее он убежден в собственных силах управлять своей жизнью.

5. Чем сильнее у молодого человека понимание, терпимость, защита благополучия всех людей и природы, тем ниже у него удовлетворенность самореализацией.

6. Чем более важна для молодого человека безопасность себя и других, гармония, стабильность общества и взаимоотношений, тем менее эмоционально насыщена его жизнь в настоящем.

7. Данный результат свидетельствует о том, что, чем сильнее у молодого человека стремление получать от жизни удовольствие, наслаждение ею, тем более сильной и свободной в плане построения собственной жизни личностью он себя воспринимает.

В данной работе нами была исследована проблема определения влияния гендерной идентичности на выбор жизненных ценностей современной молодежи. Нами был проведен литературный обзор имеющихся теорий и исследований, посвященных проблемам гендера и ценностных ориентаций. В результате чего была установлена недостаточная степень изученности вопросов и практических обоснований этих теорий.

Далее нами было проведено эмпирическое исследование влияния гендерной идентичности на выбор жизненных ценностей у молодежи. В исследовании нами были использованы три методики: методика опросник Шварца, опросник С. Бем, и тест СЖО. Результаты исследования позволили нам установить значимые различия в типах ценностей у людей с различной гендерной идентичностью.

В частности, были подтверждена гипотеза исследования о наличии влияния гендерной идентичности на выбор жизненных ценностей молодых людей. Оказалось, что молодые люди с фемининным типом гендерной идентичности более направлены на следование обычаям и традициям, уважение к ним и их принятие, чем

испытуемые с маскулинным типом гендерной идентичности. Также у молодых людей с маскулинным типом гендерной идентичности значительно сильнее выражено стремление к достижению личного успеха через проявление компетентности в соответствии с социальными стандартами, чем у испытуемых с фемининным типом гендерной идентичности.

Полученные в исследовании данные могут быть использованы в практической деятельности психологов и специалистов близких профессий при решении задач индивидуального, семейного консультирования, при разработке тренингов личностного роста. В целом, задачи и цель, поставленные нами перед началом исследования решены. И мы можем говорить о наличии эмпирического подтверждения поставленной гипотезы. Дальнейшее, более глубокое и детальное изучение проблемы гендерной идентичности, выбора жизненных ценностей современной молодежи представляет значительный интерес.

1. Бобнева М.И. Социальные нормы и регуляция поведения. – М.: Наука, 1978.- 311 с.
2. Здравомыслов А.Г., Лапин Н.И. Общая социология / Хрестоматия. – М.: Высш. шк., 2006. – 783 с.
3. Мартынюк И.О. Проблема жизненного самоопределения молодежи / опыт прикладного исследования. – Киев: Наукова думка, 1993. – 116 с.
4. Здравомыслов А.Г. Потребности. Интересы. Ценности. – М.: Политиздат, 1986. – 223 с.
5. Бендас Т.В. Гендерная психология – Издательство: Питер, 2009 г.- 431 с.
6. Сидоренко Е.В. Методы математической обработки в психологии – СПб.: Питер, 2000 – 350 с.

Бұл мақалада қазіргі жастардың өмірлік құндылықтарын таңдауына гендерлік бірдейліктің әсері туралы қарастырылған.

Гендерлік бірдейліктің феминдік типіндегі жас адамдар гендерлік бірдейліктің маскулиндік типіндегі зерттеушілерге қарағанда салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарды орындауға, оларға құрмет көрсетіп, қабылдауға бағытталғандығын көрсетеді.

The authors investigate the problem of the influence of gender identity to the choice of social values of modern youth. It was found that young men with feminine gender identity are focusing more on the respect to the traditions, difference and acceptance than subjects with a masculine type of gender identity.

Э.К. Қалымбетова, И.Е. Хадырбаева

ҚАБІЛЕТТІЛІК ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰБЫЛЫС РЕТІНДЕ

Қазіргі жаһандану заманында адамзат алдында бұрын болмаған жаңа әлеуметтік мәселе қойылып отыр. Ол – әлемдік бәсекеге төтеп бере

алатындай еңбек ету, бәсекеге қабілетті өмір сүру, бәсекелестікте ұтылмайтындай іскер маман болу. Мұны нарықтық экономиканың құралы деп

түсінүміз керек. Қоғамымыздың қарыштап даму кезеңінде адамның жай қабілеттілігі мен біліктілігі әлемдік бәсекелестік жарыста озып шығу үшін жеткіліксіз болып отырғаны белгілі.

Қабілеттілік туралы мәселе – ең күрделі проблеманың бірі. Оның сипаты мен заңдылықтарын, түрлері мен жетілдіру жолдарын, адамның іс-әрекетімен және мақсат-мұраттарымен байланысты зерттеумен ұзақ жылдар бойы философтар, экономистер, психологтар, педагогтар шұғылданып келді. Алайда, қабілет мәселесі әлі де ғалымдардың күнделікті тақырыптарынан түспейтін, зерттеулерді-ізденісті қажет ететін өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Бұл мәселенің түп тамыры ғасырлар тереңінде жатқаны да белгілі.

Қабілеттілік – жеке адам туралы ілімнің құрамды бір бөлігі болып табылады. «Қабілеттілік» ұғымын ғылымға алғаш рет Платон енгізген әрі көптеген ғалымдар оның пікіріне сүйенеді. Яғни, қабілеттіліктің пайда болуы тұқымқуалаушылықтан болады. Ал оқыту және тәрбиелеу олардың ары қарай даму үрдісін жылдамдатады. Оған дәлел ретінде, ұлы танымал адамдарды мысал етті (Моцарт, Раффель т.б). Платонның ойынша, адамдар өздерінің қабілеттеріне қарай әртүрлі болады, біреулері басқару үшін, біреулері бағыну үшін дүниеге келеді. Дегенмен, бұл ойларды теріске шығарушылар да болды.

Адамдар ақыл-ойының әртүрлі дәрежеде болу себебі оларды тәрбиелеудегі айырмашылықтарға байланысты (Гельвеций), әрбір адамның белгілі бір қабілеттілікпен туатындығы (Дидро) туралы алғашқы ой-пікірлер қабілеттіліктің психологиялық функциясын аша түсті.

Қабілеттілік туралы ой-пікірлерді дамытудың маңызды кезеңі бұл испан дәрігері Хуан Уартенің есімімен тығыз байланысты. Ол өзінің «Examen de ingeniosos paralassciencias» (1575 ж.) атты кітабында әр адамның іс-әрекеті жоғары қабілеттілік дәрежеде болу үшін Хуан Уарте: ағаш ұстасы – егіншілікпен, тоқымашы – сәулеткерлікпен, заң қызметкері – дәрігерлікпен, дәрігер – адвокаттықпен айналыспасын, әркім табиғат берген қабілетіне лайықты кәсіппен немесе өнермен айналысатын болсын деген шарттың орындалу керектігін ұсынған [1].

Чех педагогы, гуманист Я.А. Коменский «Ұлы дидактикасында» (1632) қабілеттілікті дамытатын таным процесінің рөлі анықталды.

Ағылшын философы Фрэнсис Бэкон табиғи дарындылықты мойындап, қабілеттілікті дамытуда тәрбиенің маңызды рөл атқаратынын айтқан. Ал Томас Гоббс қабілеттіліктердің түрлерін бөліп көрсетіп, қабілеттілік қатынасында табиғат адамдарды тең жаратты деген.

Ағылшын философы Джон Локк материалистік сенсуализмнің негізін салушы өзінің

еңбектерінде білімсіз және идеяларсыз «жан былай айтқанда, ақ қағаз секілді (латын тілінен аударғанда «tabula rasa» – «таза тақта»). Адам баласы өмір тәжірибесі арқылы қабілеттері дамиды деп көрсетеді [2].

К. Маркс қабілеттіліктің әлеуметтік мәнін талдай келіп, оны адамға ләззат беретін, «ұйықтап» жатқан түрлі сезімдерді оятатын, адамның «мәнді күші» саған.

Адам қабілеттілігі А.Н. Радищевтің, В.Г. Белинскийдің, Ы. Алтынсариннің, А. Құнанбаевтың еңбектерінде де әлеуметтік тұрғыда талданған. Абайдың шығармаларында, әрбір қазақ азаматының өзінің қабілетіне сай, бала бағу немесе мал бағу, білім қуу, өнер үйрену, егін егу, сауда жасау сияқты белгілі бір кәсіппен айналысу қажеттігі айқын көрсетілген [3].

XIX ғасырдың екінші жартысында қабілеттілікті зерттеудің жаңа кезеңі басталды, психологиялық тестілеу, онымен бірге ғылымның жаңа бағыты ретінде даралық ерекшеліктердің психологиясы (дифференциалды психология) пайда болды. Бұл мәселемен Францияда өзінің қызметкерлерімен бірге А. Бине, АҚШ-та Д. Кеттел мен С. Холл, Германияда – В. Штерн мен Э. Крепелин айналысты.

XX ғасырдың басында француз психологы А. Бине ақыл-ойдың даму деңгейін анықтау тәсілдерін жасаған. Кейінірек, неміс психологы В. Штерн интеллектің жеке деңгейін сипаттау үшін «интеллектуалдық коэффициентін» есептеп шығаруды ұсынды, әрі ақыл-ой қабілеттілігіне мынадай анықтама берді: «Ақыл-ой қабілеттілігі – өз ойын саналы түрде жаңа талаптарға қарай бағыттау, жаңа міндеттер мен өмір жағдайына бейімдейтін жалпы ақыл-ой қабілеттілігі»[4].

Қабілет мәселесі арнайы психологиялық зерттеудің пәні ретінде – ағылшын ғалымы Ф. Гальтон ұсынған адамдағы ерекшеліктердің эксперименттік және статистикалық зерттеулерінің негізінен болып табылады. Ф. Гальтон адамдардың жеке дара ерекшелігі мәселесін зерттеп, 1869 жылдан бастап ғылыми зерттеулер жүргізе бастады. Сонымен бірге ұлы да қабілетті адамдардың өмірлерін бақылай келе кез келген деңгейдегі қабілеттілікте тұқымқуалаушылық негізгі шарт деген қорытындыға келді.

Кеңес психологтары Б.М. Теплов, Б.Г. Ананьев, Л.С. Выготский, Л.И. Кузмина еңбектеріндегі психологиялық тұжырымдары дарындылыққа интегралдық жеке тәрбие ретінде жүйелі көзқарас тууына негіз болды, адам қабілеттілігінің құрылымдық бөліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

Қабілет мәселесіне терең талдау жасаған Б.М. Тепловтың пікірінше, қабілетті дамытпау,

көрсете білмеу, біртіндеп айырылу дегенді көрсетеді. Ол эмпирикалық қабілеттіліктердің үш сипатын ұсынды: 1) қабілеттіліктер – бұл бір адамды басқадан айрықшалайтын жеке психологиялық ерекшеліктері; 2) бір немесе бірнеше іс-әрекеттердің жетістікті орындалуына қатысы бар ғана ерекшеліктер; 3) білім мен біліктілікті меңгерудің жеңіл әрі жылдам болуының шарты бола тұрса да, қабілеттіліктер білімге, біліктілікке және іскерлікке теңелмейді. Әрине, іс-әрекеттің табысты болуын мотивтер де, тұлғалық ерекшеліктер де ықпалын тигізеді. Мотивтердің жоғары болуы және еңбексүйгіштік сияқты тұлғалық ерекшеліктер де жетістікке жетуді жоғарылатады. Б.М. Тепловтың іс-әрекетті меңгерудің жеңілділігі мен жылдамдылығына іс-әрекеттегі жетістікпен бірге қабілеттілік те негіз болады және бұл үйрену жылдамдығы мотивтерге тәуелді болуы мүмкін, бірақ үйрену барысындағы жеңілдік сезімі (басқаша айтқанда, «субъективті баға беру», қиыншылықтарды бастан кешіру) ынталандыру мотивіне кері қатынаста болуы әбден мүмкін деген анықтаманың жағдайын өзгертеді. Б.М. Тепловтың ғылыми зерттеулерін одан ары қарастырған В.Д. Небылицин қабілеттерде және дарындылықта, ең алдымен жеке даралық айырмашылықтарға назар аудару керек деді [5].

Сонымен, адамның қабілеттілігі неғұрлым дамыған болса, соғұрлым ол іс-әрекетті табысты орындап, оны тез меңгереді, ал іс-әрекеттің өзі және іс-әрекетті меңгеру үрдісі өзінің қабілеттілігі жетпейтін саладағы жұмысы немесе оқуына қарағанда субъективті оңай болады.

С.Л. Рубинштейн қабілеттіліктерді адамның белгілі бір іс-әрекетті жасауына қажетті бірқатар мәліметтерден және нақтылы бір ұйымдасқан іс-әрекет үрдісі барысында ғана қалыптасқан ерекшеліктерден тұратын синтетикалық күрделі құрылым деп түсінеді [6].

И.П. Павлов адам қабілетінің әртүрлі болуын сигнал жүйелерінің өзіндік ерекшеліктерімен түсіндіреді. Мұны қандай да бір іс-әрекетпен айналысқанда көріп байқауға болады. Сигнал жүйелерінің арақатынасының ерекшеліктеріне орай И.П. Павлов адамның жоғарғы жүйке жүйесінің үш түрін келтіреді. Олар көркем, ойлағыштық және орта түр болып бөлінеді. Бірінші түріне жататындар әсершіл, қызу қанды, ашық, ақ жарқын болып келсе, көргені мен естігенін ой елегінен өткізіп, талдағанды, саралағанды жақсы көреді, ал үшіншілері талантты, дарынды жандарды қамтиды. Адамның қай түріне жататындығына қарай оның қабілетін байқауға болады. Яғни, мүлде қабілетсіз адам болмайды, тек ол біреуде күштірек болса, біреуде шамалы болуы мүмкін.

Қабілеттілік үнемі жетілдіруді, дамытуды қажет етеді. Оны дамыту ұдайы ізденуге, жат-

тығуға, үздіксіз өздігінен оқуға байланысты. Мәселен, ертедегі Грецияның әйгілі тапқыр шешені Демосфен ерекше ойланып жаттығу мен тынбай тілін сындырып сөйлеп дағдыланудың нәтижесінде өзінің кекештік кемістігін жойып, шебер сөйлейтіндей шешендік қабілетін жетілдірген. Орыс ғалымы Е.К. Гусева оқуды 40 жасынан бастап, 73 жасында ғылым докторы болған. Құлағы көрмейтін, көзі көрмейтін, сөйлей алмайтын мылқау кемістіктеріне қарамастан И.О. Скороходова барынша үзбей жаттығудың нәтижесінде көптеген ғылыми және әдеби еңбектер жазып, ғылым докторы дәрежесіне жеткен.

Сонымен қатар, жоғары қабілеттілікті Шоқан Уәлихановтың өмірінен аңғаруға болады. Ол бірқатар Еуропа және шығыс тілдерін меңгерген, этнограф, ботаник, социолог, тарихшы, саяхатшы және әскери мамандықтарды меңгерген [7].

Қабілеттіліктің дамуына әлеуметтік жағдай көп әсерін тигізді. Осы тұрғыдан психолог – профессор А.Н. Леонтьевтің «адамның өзіндік қабілеттілігі» деген теориясының мәні зор болды. А.Н. Леонтьев адам миында болатын процестің механизмін зерттей келе өзінің ұсынған бұл теориялық болжамын дәлелдеді. Ол арнаулы жаттығулар жүйесін қолдану арқылы музыкалық түйсігі нашар балалардың музыкалық қабілеттерін қалыптастырды.

Психологиялық теория тұрғысынан адам тұлға болып туылмайды, оның тұлғалық қасиеті іс-әрекет негізінде дамытылады. Адамның тұлғалық қасиеттері оның творчестволық қабілетімен, яғни потенциалдық мүмкіндігімен анықталады. Сондықтан, адам ресурсын, оның тұлғалық сапасын, творчестволық қабілеттіліктерін зерттеп-зерделеумен психология мен педагогика, философия мен әлеуметтану, экономика мен эстетика, құқық пен тарих сияқты көптеген ғылымдар айналысып келеді.

Қабілеттілік – белгілі бір іс-әрекеттің нәтижелі орындайтындай тұлғаның жеке дара ерекшелігі. Ол іс-әрекетті жылдам, тұрақты, сапалы орындаудың әдіс-тәсілдерімен сипатталады. Оның жоғарғы деңгейі – таланттық, дарындылық, данышпандылықпен және бәсекелестікпен ерекшеленеді. Қабілеттіліктің нышандары – адам ағзасының, негізінен орталық жүйке жүйесінің ерекшелігі. Ол – қабілеттілікті дамытудың алғышарты болып табылады [14].

Тұлғаны тәрбиелеу туралы психологиялық-педагогикалық зерттеулер негізінде тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру үрдісін басқаруға мүмкіндік туғызады. Психологтар зерттеулерінің нәтижесінде, тұлғаны қалыптастыру спираль және баспалдақты түрде үзілісті (сапалық) әрі үздіксіз (сандық) күрделі үрдіс ретінде өтілетіні айқындалған.

Тұлғаның өздігінен дамуы интериоризация (сыртқы әсерлердің ішкі ақыл-ой әрекетіне бірте-бірте түрленуі) және эктериоризация (ішкі әрекеттің сыртқы операцияға өтуі) үрдісі арқылы жүзеге асырылады. Адам өмірінің іс-әрекеттік мәні жайлы психологиялық теориялық қағидаға сүйеніп тұлғаны тәрбиелеудің әдіснамалық негіздерін айқындауға болады. Нақтырақ айтатын болсақ, тұлға ретінде адамның рухани дүниесінің байлығы, оның тәжірибелік іс-әрекетінің және қоғамдық қатынастарының мазмұны мен көлемі бойынша анықталады. Мұндай тұлғалық қабілеттілік адамның мұқтаждығын өтеуге байланысты дамытылады. Сонымен қатар, іс-әрекет ету нәтижесінде адамның психикасы да қалыптасады.

Тұлға ретіндегі адамның әлеуметтік дамуының мәні психологиялық-педагогикалық, психофизикалық, моральдық-еріктік, мотивациялық-қажеттілік, саяси-экономикалық, қоғамдық-философиялық қасиеттерінің жиынтығы негізінде бағаланады.

Адамның қоршаған ортамен қатынасы және мұқтаждық талабы оның сыртқы іс-әрекетін, ал сананың табиғи дамытылуы мен оны өзінің жетілдіруі – ішкі іс-әрекетін танытады. Өзінің табиғаты бойынша, дара тұлғаны, басқалардан гөрі ерекше қасиеттері байқалатын белсенді қайраткер деп түсіну керек.

С.Л. Рубинштейн мен А.Н. Леонтьевтің зерттеулерінің негізінде жалпы психологиялық іс-әрекет теориясы жасалынды. Оның негізінде іс-әрекеттің құрылымы (мақсат > мотив > тәсіл > нәтиже >), іс-әрекетті қалыптастырудың алғы-шарттары (қоғамдық ортамен қатынасы, мұқтаждықты өтеуі) анықталды [8].

Б.Г. Ананьев еңбектерінде қабілет және дарындылық жеке адамның мінезімен, темпераментімен, өмірлік бағыттылығымен және жеке даралық психикалық дамуымен жеке адамның жалпы құрылымының қандай да бір бөлігі ретінде қарастырылды [9].

В.А. Крутецкий өзінің көрсеткен классификациясында: икемділік, тез байқағыштық, еске сақтау, терең ойлау қабілеті бар, оның келешекте мамандық таңдауына көп көмектесетінін айтқан. Сонымен бірге, В.А. Крутецкий өзінің математикалық қабілеттілік құрылымын зерттеген еңбегінде, егер қабілеттіліктер деген ұғымды жеке психикалық қасиеттер деп түсінсек, онда дарындылық дегенді адамның ерекше қабілеттіліктерінің жиынтығының бірлігі деуге болады деп тұжырымдайды [13].

Қабілет адамның әрекеттің бір түрімен айналысуға мүмкіндік беретін бейімділікте байқалады. Бейімділік пен қабілеттілік бір-бірімен тығыз байланыстағы туыс ұғымдар. Себебі, адам-

ның бір нәрсеге қабілеттілігі оның бір нәрсеге бейімділігіне орай қалыптасады. Яғни адамның белгілі бір әрекетпен айналысуға деген құлшынысы оянып келе жатқан қабілеттің алғашқы белгісі [12]. Н.С. Лейтес дарынды балаларды зерттей келе, олар еңбекке тартымдылығымен өзгешеленетін және «еңбекпен қанағаттануды» сезінетін нағыз кішкентай еңбекқорлар болып табылады, деп көрсетеді. Бұл тұжырым маңызды ереже жасауға итермелейді. Еңбекке бейімділік дарындылықтың көрінуі ретінде болады [10].

С.А. Изюмова мнемикалық қабілеттерді және оның табиғи алғы шарттарын комплексті зерттеу және оның оқу әрекетіндегі нәтижелілігімен салыстыру мәселесін көрсетті.

Американдық ғалым Блум әйгілі адамдарға зерттеу тәжірибесін жүргізіп, оның нәтиже көрсеткішінен, осы адамдардың қабілеттерінің толық дамуының тәрбиелік және білімділік әдістерінің моделін ұсынды. Блумның айтуынша, қабілеттің ерте дамыған түрлері, егер белсенділік және арнайы оқыту әдістері болмаса, ол ары қарай дамымағандықтан күйреуге ұшырайды. Сонымен, ерте заманнан осы заманға дейінгі қабілеттіліктерді психологиялық зерттеулердің тарихи дамуын талдау арқылы психологиядағы қабілет теориясына қатысты бірнеше көзқарасты атап айтуымызға болады.

Адамның қабілеті оның іс-әрекетінің белгілі бір түрін орындай алу мүмкіндіктері. Мұндай мүмкіндіктер іс-әрекеттерді меңгеруде табысқа, еңбекте жоғары көрсеткішке жеткізеді. Қабілетті адамның жетістігі оның жүйкелік психикалық қасиеттері кешенінің іс-әрекет талаптарымен сәйкес келуінің нәтижесі болып табылады. Психологияда бағыт-бағдарға, мамандық ерекшеліктеріне қарай қабілет арнаулы және жалпы болып бөлінеді.

Қабілеттіліктің бірнеше теорияларына тоқталдық, ғалымдардың ой пікірлеріне тоқталдық, қазіргі жаһандану заманында қабілетті тұлға ғана өз орнын таба отырып бәсекелестікте жеңе алатынына шамалы болса да ой жүгірткен себебімізде болды. Яғни, қабілеттіліктің түрлерін айтқанымызда адамдар өздерін қай түрлеріне жатқанын байқаса одан ары қарай өзін дамытуға болатындығына шамалы болса да ой тастадық деп ойлаймыз.

1. Платонов К.К. Проблемы способностей. – М.: Наука, 1972. – 312 с.

2. Джон Локк. Избранные философские произведения, т. I. – М.: Мысль, 1960. – 736 с.

3. Құнанбаев А. Қара сөз. Поэмалар. – Алматы: Жібек жолы, 2005. – 487 с.

4. Штерн В. Одаренность детей и подростков и методы ее исследования. – М.: Прогресс, 1926. – 265 с.

5. Теплов Б.М. Проблемы индивидуальных различий. – М.: АПН РСФСР, 1961. – 536 с.

6. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – СПб.: Питер, 2000. – 720 с.
7. Құдайқұлов С.М., Құдайқұлов М.Ә. Творчестволық және бәсекелестік қабілеттілік. – Алматы, Школа XXI века, 2006. – 82 с.
8. Леонтьев А.Н. Проблемы развития психики. – М.: Изд-во МГУ, 1972. – 575 с.
9. Ананьев Г.М. Человек как предмет познания. – Л.: Изд-во ЛГУ, 1968. – 339 с.
10. Лейтес Н.С. Умственные способности и возраст. – М.: Педагогика, 1972. – 279 с.
11. Изюмова С.А. К проблеме природы способностей: задатки мнемических способностей у школьников литературного и математического классов Текст. // Психологический журнал. – 1995. – Т.16. – №6. – С. 55-71.
12. Мясин В.Н. Проблемы способностей. М.: Наука, 1962. – 123 с.

13. Крутецкий В.А. Психология математических способностей школьников. – М.: Просвещение, 1968. – 431 с.
14. Жақыпов С.М. Жалпы психология негіздері: Дәрістер курсы: (Жоғары оқу орнында оқитын 050503 психология мамандығының студенттеріне, магистранттарға, ізденушілер мен оқытушыларға арналған). – Алматы: ҚазҰУ, 2008. – 160 с.

В статье всесторонне рассмотрена проблема способностей. Представлен системный анализ работ советских и зарубежных ученых.

The problem of abilities is considered. Systemic analysis of works of leading soviet and foreign scientists is presented.

С.К. Кудайбергенова, К.Б. Досыбаева, Г.К. Кудайбергенова

НЕЙРОПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ С НИЗКОЙ ШКОЛЬНОЙ УСПЕВАЕМОСТЬЮ

Среди детей младшего школьного возраста растет число различных отклонений и нарушений развития, не всегда достигающих уровня выраженной патологии, но приводящих к снижению школьной успеваемости. Между тем переход на 12-летнюю систему среднего образования, а также особые условия в нашей стране – этнопсихологические особенности, билингвизм, наличие разных школ и программ обучения (от «обычных» школ до лицеев, гимназий) делают эту проблему чрезвычайно актуальной. Исследование детей с позиций нейропсихологического подхода открывает новые возможности в поиске причин школьной неуспеваемости, внешних и внутренних факторов, влияющих на эффек-

тивность усвоения знаний младшими школьниками. Объект исследования – дети младшего школьного возраста (1-4 класс). Предмет исследования – нейропсихологические особенности развития детей с низкой школьной успеваемостью. Методы исследования – нейропсихологическая методика исследования высших психических функций (стандартизированный вариант по Т.В. Ахутиной – Т.А. Фотековой [1]), для статистической обработки использовались программы Excel-2010, SPSS-15.1.

Далее по тексту – дети с низкой успеваемостью – экспериментальная группа (ЭГ), дети с высокой успеваемостью – контрольная группа (КГ).

Таблица 1

Социально-демографические характеристики испытуемых ЭГ и КГ

Характеристика	Экспериментальная группа	Контрольная группа
Язык обучения	русский	русский
Пол	Мальчики – 32 Девочки – 18	Мальчики – 21 Девочки – 10
Возраст	6-10	6-10
Класс	1-4	1-4
Всего	49 чел.	31 чел.

Исследование проводилось на базе Республиканской психолого-медико-психологической консультации и общеобразовательных школ г. Алматы.

Результаты и их обсуждение. Мы анализировали следующие показатели:

- Итоговый балл (ИБ) – суммарный показатель по всем нейропсихологическим пробам.
- Передний индекс – характеризует работу передних отделов головного мозга (преимущественно 3 блок по А.Р. Лурии).

- Задний индекс – характеризует работу задних отделов головного мозга (преимущественно 2 блок по А.Р. Лурии).

- Левый индекс – характеризует работу левополушарных отделов головного мозга.

- Правый индекс – характеризует работу правополушарных отделов головного мозга.

Для оценки уровня развития и соответствия возрастной норме основных функций и мозговых систем, мы вычисляли следующие дополнительные